



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№
19.05.2020 № 4 ге

**2020 жылғы 19 мамырдағы
тұрақты комиссияның
қаулысы**

**Жарғылық капиталдың мөлшерін
ұлғайту үшін «Astana» ӘКК» АҚ
берілген акциялар пакеті мен қатысу үлестерін
кейбір заңды тұлғаларды
тиімді басқару туралы**

«Жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайту үшін «Astana» ӘКК» АҚ берілген акциялар пакеті мен қатысу үлестерін кейбір заңды тұлғаларды тиімді басқару туралы» ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – тұрақты комиссия) «Astana» ӘКК» АҚ берілген акциялар пакеті мен қатысу үлестерін заңды тұлғаларды басқару бойынша тиісті бақылау және нақты жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігінде 347 заңды тұлға бар.

2019 жылдың қазан айынан бастап 4 мұражай, 6 музыкалық және көркемөнер мектебі, 7 аурухана мен емханаларда қосарлаушы функциялары бар 17 заңды тұлғаны оңтайландыру жоспарлануда. Сондай-ақ үш көлік кәсіпорнын біреуіне оңтайландыру жоспарлануда: «Астана ЛРТ» ЖШС, «№ 1 автобус паркі» АҚ, «Жезкиік» АҚ.

Оңтайландыру қорытындысы бойынша қайта құру жолымен алты заңды тұлға құру ұйғарылып отыр.

2020 жылдың наурызында «Астана Инвест» ЖШС мен «Астана Конвеншн бюро» ЖШС біріктірілді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында «АЭСК» ЖШС мен «Астана қалалық жарық» ЖШС біріктіру ұйғарылып отыр.

Болжамдар бойынша жоғарыда көрсетілген оңтайландыруды жүргізу кезінде экономикалық нәтиже 1 млрд. теңгеден астам сомада күтілуде.

«Astana» ӘКК» АҚ жарғылық капиталына АҚ және ЖШС ұйымдық-құқықтық формасындағы 18 заңды тұлғаның 100% акциялар пакеттері мен қатысу үлестері берілді.

«Astana» ӘКК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарды басқаруға қатысу жүйесі тек қаржылық және бақылау функцияларын бөлу жүзеге асыру арқылы жүзеге асырылады.

Осы мақсаттарда, сондай-ақ бюджеттік жоспарлау процесін сәйкестендіру мақсатында «Astana» ӘКК» АҚ: еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл регламентін, «Astana» ӘКК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының жылдық бюджетін әзірлеу, бекіту және оның атқарылуына мониторинг жүргізу қағидаларын, еншілес және тәуелді ұйымдарға қаржылық көмек көрсету қағидаларын және басқаларды әзірледі және бекітті.

Соңғы үш жылдың қорытындысы бойынша теріс нәтижесі бар еншілес ұйымдарда оларды сауықтыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленуде.

Еншілес ұйымдардың қызметін жетілдіру, олардың ұзақ мерзімді құнын арттыру және орнықты даму мақсатында әрбір еншілес ұйым бойынша еншілес ұйымдар қызметінің он жылдық кезеңге арналған стратегиялық мақсаттарын, міндеттері мен негізгі көрсеткіштерін анықтайтын стратегиялық даму құжаттары әзірленуде.

2019 жылдың қорытындысы бойынша «Astana» ӘКК» АҚ еншілес ұйымдармен бірлесіп жалпы сомасы 10 839 131 мың теңгеге салық және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төледі.

Сонымен қатар, Тұрақты комиссия жарғылық капитал мөлшерін ұлғайту үшін «Astana» ӘКК» АҚ берілген акциялар пакеті мен қатысу үлестерін заңды тұлғаларды басқару кезіндегі «Astana» ӘКК» АҚ жұмысындағы кемшіліктерді атап өтті.

Сонымен, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша тексеру комиссиясы жүргізген коммуналдық мүлікті, сондай-ақ «Astana» ӘКК» АҚ активтерін басқару тиімділігіне мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша, тұтастай алғанда, елорданың квазимемлекеттік секторы субъектілерінің қаржылық қызметі теріс көрсеткіштермен байланысты екені көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасында (бұдан әрі – Тұжырымдама) көзделген қызметтің басым бағыттарын «Astana» ӘКК» АҚ іске асыруының тиімсіздігі байқалады.

Ұзақ мерзімді перспективаларды, негізгі басымдықтарды, мақсаттарды, міндеттер мен оның даму көрсеткіштерін анықтайтын стратегиялық құжат жоқ.

Қоғамның еншілес ұйымдарға қатысты корпоративтік басқару акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қадағалаушы кеңесінің мүшелерін, еншілес ұйымдардың

ұйымдық құрылымын, штат санын және бюджетін бекіту жолымен ғана жасалады.

«Astana» ӘКК» АҚ еншілес ұйымдарында активтерді тиімсіз пайдалану байқалады.

Сондықтан, «Астана-Зеленстрой» ЖШС 2019 жылдың мамыр айында 2020 жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімге 96 бірлік машина-трактор паркін консервациялау туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, 2018 және 2019 жылдары бөгде ұйымдардан автокөлік құралдарын жалға алуға айтарлықтай шығындар жүргізілуде.

«Астана Тазалық» ЖШС теңгерімінде тұрған 3 бірлік көлемінде жылжымалы қар ерітетін қондырғылар өндірістік қызметте пайдаланылмайды.

Музыкалық және көркемөнер мектептерін және білім беру саласына жататын басқа да бірқатар кәсіпорындарды біріктіру қажеттілігі мен салдары туралы мәселенің пысықталмауы қорқыныш туғызады. Бүгінгі күні оқушыларға қосымша білім беру білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуда. Сонымен қатар, елордада қосымша білім беру ұйымдарының жетіспеушілігі байқалады және білім беру жүйесінің алдында балаларды осындай қызметпен қамту үлесін арттыру, соның ішінде тегін үйірмелер мен секцияларды ұлғайту бойынша қосымша шаралар қабылдау міндеті тұр. 11 қосымша білім беру ұйымдарының барлық қала бойынша 150 филиалы бар. Олардың тұрған жері қала аудандарының әртүрлі жерлерінде орналасқан, олар тұрғын үй кешендерінде, мектептерде және түрлі орталықтарда орналасқан және осы жағдайда бір директор бірнеше филиалдарды тиімді басқара алмайды.

Өз кезегінде, тәжірибе көрсеткендей, елорданың медициналық мекемелері желісінде өткізілген онтайландыру өзінің тиімсіздігін көрсетеді. Бүгінгі күні медициналық көмектің тиімділігі мен қол жетімділігінде күтілетін өсу болған жоқ.

Қазіргі уақытта елорданың 24 мыңнан астам тұрғыны Ильинка, Ұркер және Қараөткел тұрғын үй алаптарында тұрады. Сонымен қатар, аталған тұрғын үй алаптарының елорданың өзінен алшақтығы айтарлықтай үлкен. Осыған байланысты коммуналдық меншіктегі үй-жайлардың бірін отбасылық-дәрігерлік амбулаторияға беру қажеттілігі туындап отыр, оған тұрғын үй массивтерінің тұрғындары аса мұқтаж.

Өнімділік пен пайданың тиімді деңгейі бар кәсіпорындарды «Astana» ӘКК» АҚ шығару және ары қарай олардың өз қызметін дербес жүргізуді жүзеге асыру туралы мәселе ерекше назар аударуды қажет етеді.

Өз кезегінде «Астана Орманы» ЖШС қатысу үлесін «Astana» ӘКК» АҚ берудің мақсатқа сәйкестігі туралы мәселе бірнеше рет көтерілді. «Астана Орманы» ЖШС проблемалық активтердің қатарында болған жоқ. Бұдан басқар, «Астана Орманы» ЖШС - елорданың жасыл белдеуін құру және ұстау бойынша қызметті жүзеге асыратын елордадағы жалғыз кәсіпорын, яғни «Astana» ӘКК» АҚ тарапынан оның негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді дамытуды көздейтін бәсекелі орта жоқ.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайту үшін «Astana» ӘКК» АҚ берілген акциялар пакеті мен қатысу үлестерін кейбір заңды тұлғаларды тиімді басқару туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігін көтеру бойынша шаралар қабылдау;

өз активтерін өз бетінше басқаруға қабілетті «Astana» ӘКК» АҚ кәсіпорындарының, соның ішінде «Астана Орманы» ЖШС «Astana» ӘКК» АҚ құрамынан шығару мүмкіндігін қарастыру;

«Astana» ӘКК» АҚ іске асыратын қызметін Тұжырымдама талаптарына сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдау;

бірнеше заңды тұлғаларды бір заңды тұлғаға біріктіру жолымен «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ ведомствосына қарасты мекемелерді оңтайландырудың мақсатқа сай және тиімді болуына қатысты мәселені қарастыру.

3. «Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ ұсынылсын:

«Astana» ӘКК» АҚ тиісті басқаруындағы коммуналдық меншіктегі үй-жайды (коттеджді) отбасылық-дәрігерлік амбулатория ретінде беру жөніндегі мәселені қарау;

«Astana» ӘКК» АҚ басқаруындағы кәсіпорындарды дамыту бойынша ақпарат, алынған дивидендтер бойынша талдау, 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде қандай мақсаттарға жұмсалғаны туралы ақпарат ұсыну.


4. «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ бірлескен «Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ ұсыну:

бірнеше заңды тұлғаларды бір заңды тұлғаға біріктіру жолымен білім беру саласындағы мекемелерді оңтайландыруға, олардың тізбесіне және олардың бірлестіктерінің тиімділігін негіздеуге қатысты анықтамалық ақпаратын ұсыну.

5. «Astana» ӘКК» АҚ ұсынылсын:

«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша тексеру комиссиясы» ММ жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының
төрағасы**



М. Шекенов